

Ұлттық әл-ауқат қорының
борыштық бағалы қағаздарын
сатып алу арқылы
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының қаражаты
есебінен қаржыландыруға
ұсынылатын жалпы ел үшін
маңызы бар жобаларға
сараптама жүргізу, сондай-ақ
осындай жобаларды
қаржыландырудың балама
көздерінің бар-жоғын қарау
қағидаларына
1-қосымша

Сараптама тобы туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сараптама тобы туралы ереже сараптама тобының мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, сондай-ақ құрамын айқындайды.

2. Сараптама тобы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, сондай-ақ осы Қағидалар мен Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2-тарау. Сараптама тобының міндеттері мен функциялары

3. Сараптама тобының негізгі міндеттері жобаны қаржыландырудың оңтайлы шарттарын қарау, кешенді бағалау және айқындау болып табылады.

4. Сараптама тобының функциялары:

1) индикативтік бағалау қорытындысын дайындау;

2) жобаның бастамашысымен бірге жобаны қаржыландырудың балама көздерін қарау;

3) жобаға тәуелсіз сараптама жасау қажеттігін айқындау, техникалық тапсырманы жасау және сұратылған тәуелсіз сараптама бойынша тәуелсіз сарапшының қызметтер көрсетуіне рұқсат ету;

4) қорытынды бағалау қорытындысын дайындау;

5) жобаның бақылау нүктелерін талдау;

6) жобаның бақылау нүктелерін талдау қорытындылары бойынша жобаны қаржыландыруды жалғастыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату туралы ұсынымдарды қалыптастыру;

7) қарыз алушы жобаны қаржыландырудың белгіленген шарттарын сақтамаған жағдайда шешімдер қабылдау болып табылады.

5. Сараптама тобы өз құзыреті шегінде қаралатын мәселелер бойынша шешімдер қабылдап, ұсынымдар дайындайды.

6. Сараптама тобы тұжырымдайтын құжаттарға сараптама тобының құрамындағы өкілдер қол қояды.

3-тарау. Сараптама тобының құрамы

7. Сараптама тобы:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің;
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің;
- 3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің;
- 4) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының өкілдерінен тұрады.

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сараптама тобын үйлестіруші орган болып табылады.
